«QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның Түркістан өндірістік филиалы реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф және тарифтік смета жобасын талқылау бойынша табиғи монополияларды реттеу Комитетінің Түркістан облысы бойынша Департаментінің жария тыңдау Хаттамасы

Өткізу күні мен уақыты: 20.10.2026 жыл, 12:00.
Өткізу орны: Түркістан қаласы, 160-квартал, Congress Hall.

Жария тыңдаудың төрағасы:
Бекмуратов А.Б. – ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімінің бысшысы.

Келіп қатысты:
Шипеков А.М. – «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның басшысы;
Олжабаев А.Е. – «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның басшы орынбасары;
Абдуллаев А.М. - «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның бас инженерінің м.а.;
Куанышов Ж.С. – «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның экономика және тариф қалыптастыру бөлімінің басшысы.

Онлайн қатысты:
«Facebook» парақшасында тікелей эфир арқылы:
5 қатысушы
Офлайн қатысты: 30 қатысушы.

Күн тәртібі: «QazaqGaz Aimaq» АҚ Түркістан өндірістік филиалының 2027-2031 жылдарға арналған тауарлық газды тарату жүйелері арқылы тасымалдау жөніндегі реттеліп көрсетілетін қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекітуге ұсынылған өтінімді талқылау
Алғы сөз: ҚР ҰЭМ Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің табиғи монополиялар және бағаларды реттеу бөлімінің басшысы – Бекмуратов А.Б.

Департамент «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының *(бұдан әрі – Заң)* 8-бабының 9-тармағына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 13 тамыздағы №73 бұйрығымен бекітілген «Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін жүзеге асыру қағидаларына» сәйкес, «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның тауарлық газды тасымалдау қызметіне тариф пен тарифтік сметаны бекіту туралы өтінім қарау кезінде жария тыңдау өткізеді.

Атап айтқанда, «QazaqGaz Aimaq» АҚ өкілі берілген өтінімге сәйкес тариф жобасы туралы егжей-тегжейлі баяндама жасады.

Сөз сөйледі:

Куанышов Ж.С. – «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның экономика және тариф қалыптастыру бөлімінің басшысы., сөз сөйлеу уақыты 15 мин. Тарифтің бекіту себептері туралы баяндама жасалды. Сондай-ақ, реттелетін қызметтер бойынша жоспарланған көлемдер, еңбекке ақы төлеу шығындары, салық аударымдары бойынша егжей-тегжейлі айтып берді.

Жария тыңдауға 35 адам қатысты.

Қорытынды сөз: Департамент басшысы Бекмуратов А.Б. «QazaqGaz Aimaq» АҚ өкілдерімен тауарлық газды тарату жүйелері арқылы тасымалдау мәселелері бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізді. Атап айтқанда, газды тасымалдау тәртібі, реттеліп көрсетілетін қызметтің ерекшеліктері

және ұсынылған тариф пен тарифтік сметаның негіздемесіне қатысты сұрақтар қойылып, тиісті түсініктемелер алынды.

Сонымен бірге, жария тыңдаудың Төрағасы «QazaqGaz Aimaq» АҚ-ның табиғи монополия субъектісі ретіндегі құқықтары мен міндеттерін түсіндірді. Сондай-ақ, субъектінің Департаментке ұсынған тариф жобасы түпкілікті шешім болып табылмайтындығы, түпкілікті шешім Заңда белгіленген мерзімде қабылданатыны атап өтілді.

Төраға: Бекмуратов А.Б

Хатшы: Туребеков Д.К